

**БЕКІТІЛГЕН**

"Қазақстан Халқына" Қоғамдық  
Қоры Басқармасының шешімімен

**Қосымша № 1**

2022 жыл «12» мамыр № 20

"Қазақстан Халқына" Қоғамдық  
Қоры Басқармасының хаттамасына

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»**

**ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТАУАРЛАРЫН, ЖҰМЫСТАРЫН,  
ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ  
ЕРЕЖЕСІ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының қайырымдылық көмек көрсетуі мақсатында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) тауар – Қағидаларға сәйкес сатып алынатын бұйымдар (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, зияткерлік меншік құқығының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

2) жұмыстар - заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

3) қызметтер - Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

4) жеткізушілерден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Қордың шешімімен айқындалған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың электрондық қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;

5) Сатып алу жөніндегі Уәкілетті оператор - Қордың уәкілетті органы айқындайтын, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу веб-порталының қызметтерін ұсынатын заңды тұлға;

6) әлеуетті жеткізуші – осы Қағидаларға сәйкес жеткізу шартын жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

7) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы – осы әлеуетті жеткізушінің шешімдерін тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жеткізу шартына немесе өзге де мәмілеге орай ықпал етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

8) Қор – «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры;

9) Бірлесіп орындаушы - сатып алуды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жеткізу шарттарын жасасу үшін Тапсырыс беруші тартатын заңды тұлға;

10) жеткізу шарты - бір тараптан Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы және екінші тараптан жеткізуші арасында осы Қағидаларға сәйкес тауарларды веб-порталда сатып алуға жасалған және тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылған шарт;

11) Жеткізуші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, осы Қағидаларға сәйкес Тапсырыс берушімен немесе оның тапсырмасы бойынша Бірлесіп орындаушымен нысанасы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беру болып табылатын шарт жасасқан заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

12) өтінім - сатып алу туралы хабарландыру немесе шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жеткізуші деп танылу мақсатында сатып алуға қатысуға ұсыныс;

13) сатып алу - Тапсырыс берушінің тауарларды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен сатып алуы;

14) Тапсырыс беруші – «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры;

15) шетелдік тауар өндіруші - шет мемлекеттің аумағында құрылған және Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын, тұтынуға (қолдануға)

дайын тауарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндіруді немесе қайта өңдеуді жүзеге асыратын және оларды экспорттаушы елдегі құзыретті органдар берген шығу тегі туралы сертификаттармен растайтын шетелдік заңды тұлға;

16) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

17) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге қатысу үшін Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін бірлесіп орындаушы тартатын, тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын, өткізілетін сатып алу саласында арнаулы және (немесе) тиісті техникалық білімі, тәжірибесі және біліктілігі бар жеке тұлға (немесе) әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау;

18) сараптама комиссиясы - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін сарапшыларды тарта отырып, Тапсырыс беруші құратын алқалы орган.

## 2. Алдын ала біліктілік іріктеу

2.1. Техникалық тапсырманы (техникалық ерекшелікті) әзірлеу кезінде Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша Бірлесіп орындаушы қатысушыларды алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу қажеттігі туралы, сондай-ақ оны жүргізу тәртібі және қатысушылар өз біліктілігін растау үшін ұсынатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесі туралы шешім қабылдайды.

2.2. Біліктілік іріктеу Тапсырыс берушінің немесе оның тапсырмасы бойынша Орындаушының біліктілік деректеріне, сондай-ақ қатысушылардың техникалық мүмкіндіктеріне қойылатын талаптарды белгілеуін көздейді.

2.3. Сатып алу рәсімдері сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті жеткізушілерін (мердігерлерін, орындаушыларын) анықтау, нарықтарда қалыптасқан баға деңгейін талдау мақсатында сатып алу нысанасы бойынша нарық конъюнктурасын алдын ала зерттегеннен кейін жүргізіледі.

2.4. Нарық конъюнктурасын жүргізілген зерттеу нәтижелері сатып алуға арналған тапсырмаға (құжаттамаға) қосымша болып табылатын қызметтік жазба нысанында ресімделеді, онда жүргізілген зерттеулер туралы барлық деректер, оның ішінде:

қоймалардағы сатып алынатын тауарлардың қолда бар қорлары туралы, сатып алынатын жұмыстарды (қызметтерді) өз күшімен орындау мүмкіндігі туралы;

сатып алу рәсіміне қатысу үшін шақыруларды одан әрі жіберу үшін сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) отандық және шетелдік өндірушілердің және тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) орындаушыларды ықтимал жеткізушілер ретінде олардың өткізу ұйымдарының (ресми сауда өкілдерінің) болуы туралы;

Қазақстан Республикасының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндірушілердің Тізіліміне енгізілген өндірушілердің (орындаушылардың) тізбесі;

тауарларды өткізетін ресми сауда өкілдері туралы мәліметтер;

ақпарат көзі;

өндірушілердің ресми сауда өкілдерінің болуы туралы сайттарынан (хаттарынан) ақпарат;

нарықта қалыптасқан баға деңгейі туралы ақпарат, өндірушілерден (олардың өкілдерінен) сатып алынатын тауардың маркетингтік зерттеулер жүргізу күніне қалыптасқан құны туралы мәліметтер, төлеу және жеткізу шарттары, кепілдік міндеттемелері және т. б.;

осы тауарды (негізгі техникалық сипаттамалары бойынша ұқсас тауарды) соңғы үш жылдағы алдыңғы сатып алу құны.

маркетингтік зерттеулер жүргізу күніне қалыптасқан өндірушіден (оның өкілінен) сатып алынатын тауардың болжамды құны.

### **3. Баға ұсыныстары тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

3.1. Сатып алу келесі қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі:

1) сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беру;

2) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

3) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы.

3.2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша сатып алуды Бірлесіп орындаушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырады.

Егер әлеуетті жеткізуші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тиісті емес әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) тізілімінде болса, әлеуетті жеткізуші өткізілетін сатып алуға қатысуға құқылы емес.

3.3. Сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізуші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келеді:

1) құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2) тиісті қызметті жүзеге асыруға құқық қабілеттілігі;

3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпайды.

Осы тармақтың талаптары шетелдік тауар өндірушілерден, дистрибьютерлерден, Халықаралық фармацевтикалық ұйымдардан және Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдар арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

3.4. Сатып алу кезінде осы Қағидаларда көзделмеген талаптар қойылмайды.

### **4. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу**

4.1. Тапсырыс беруші Қордың уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша жеткізу көлемін, орнын және кестесін көрсете отырып, кемінде екі әлеуетті жеткізушіден баға ұсыныстарын сұратуды жүзеге асырады.

4.2. Сұрау салу хабарландыруды веб порталда орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыру мыналарды қамтиды:

1) Тапсырыс берушінің немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп Орындаушының атауы мен мекенжайы;

2) сатып алынатын тауарлардың халықаралық патенттелмеген атаулары;

3) жеткізу мерзімдері мен шарттары (орны);

4) құжаттарды ұсыну (қабылдау) орны және баға ұсыныстарын берудің соңғы мерзімі;

5) баға ұсыныстары бар конверттерді ашу күні, уақыты және орны.

Қағидалардың 4.10–4.22-тармақтарының ережелері баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілетін электрондық сатып алуға қолданылмайды.

4.3. Әлеуетті жеткізуші баға ұсыныстарын ұсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін электрондық түрде бір ғана баға ұсынысын ұсынады. Өтінім Қор бекіткен нысан бойынша Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы белгілеген мерзімдерде лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы

рұқсат беру органдары жүзеге асыратын қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растайтын рұқсатты, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растайтын құжаттарды қамтиды.

4.4. Баға ұсынысы келесі жағдайларда веб-порталдан автоматты түрде бас тартуға жатады:

баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізуші бұрын ұсыныс берген;

Әлеуетті жеткізуші қажет болған кезде ұсыныстар берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өз ұсынысын өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

Ұсынысты ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

4.5. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын беруі сұрау салудың және сатып алудың үлгі шартының немесе қор бекіткен нысан бойынша фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың талаптарын сақтай отырып, оның тауарларды беруді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

4.6. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын қамтиды.

4.7. Техникалық сипаттамада мыналар болу керек:

1) тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы мәліметтер;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы ақпарат;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсету.

Осы тармақшада көрсетілген стандарттар болмаған жағдайда стандарттау жөніндегі өзге де құжаттарды, халықаралық стандарттарды және шет мемлекеттің стандарттарын көрсетуге жол беріледі.

Ереженің 4.7-тармағы 3) тармақшасының және оған екінші абзацының Ережелері дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттарды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен орфандық препараттар тізбесіне енгізілген орфандық препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымның құрамына кіретін және дербес бұйым немесе құрылғы ретінде пайдаланылмайтын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының аумағына берілген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде әкелінген тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде қолданылмайды;

4) нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету (қажет болған жағдайда);

5) жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат (құжаттар).

4.8. Жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар болмаған жағдайда әлеуетті жеткізуші ұсынуға құқылы

- дайындаушы зауыттардан хаттар және/немесе өзге де құжаттар (ақпарат) (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу кезінде).

4.9. Техникалық ерекшелік әлеуетті жеткізушінің ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру туралы талапты, оның ішінде кепілдік мерзімін белгілеуді қамтуы мүмкін.

4.10. Баға ұсынысы баға ұсыныстары тәсілімен сатып алынғанға дейін желімделген конвертте ұсынылады. Әрбір әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көрсетілген конверттерді ашу рәсімінің басталу уақытына дейін әлеуетті жеткізушінің қолымен және

мәрімен (ол болған кезде) бекітілген бір ғана баға ұсынысын береді, онда мынадай мәліметтер мен құжаттар қамтылуға тиіс:

- 1) әлеуетті жеткізушінің атауы, нақты мекенжайы;
- 2) жеткізілетін тауарлардың атауы, сипаттамасы және саны, Орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы және көлемі;
- 3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен мерзімдері;
- 4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірлігі үшін бағасы және жалпы бағасы, ҚҚС-ты есепке алмағанда, оған тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстар енгізілген;
- 5) әлеуетті жеткізушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесі;
- 6) лицензияның көшірмесі (егер сатып алу шарттарында міндетті лицензиялауға жататын қызмет көзделген жағдайда);
- 7) әлеуетті жеткізуші қол қойған техникалық ерекшелік (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда техникалық ерекшелік және әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелікті беру туралы талап болған жағдайда).

4.11. Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысы бар желімделген конверттің беткі жағында мыналарды көрсетуі тиіс:

- 1) әлеуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық мекенжайы;
- 2) сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес келуі тиіс Тапсырыс берушінің немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін сатып алуды Бірлесіп орындаушының атауы мен пошталық мекенжайы;
- 3) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы ұсынылатын қатысу үшін лоттың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауы.

4.12. Әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер баға ұсыныстарын тіркеудің тиісті журналына енгізілуге жатады. Көрсетілген мәліметтер әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынуына қарай хронологиялық тәртіппен журналға енгізіледі.

4.13. Қағидалардың 3.10-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ конверттерді ашу рәсімі басталған уақыттан кейін ұсынылған баға ұсынысы бар конверт қайтарылады және тіркелуге жатпайды.

4.14. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және орында баға ұсыныстары бар конверттерді ашады, баға ұсыныстарын жария етеді.

4.15. Кез келген мүдделі тұлғаның конверттерді ашу кезінде қатысуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, конверттерді ашудың аудио - және бейнежазбасына рұқсат етіледі.

Әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдері басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарымен қол қойғызып танысуға құқылы.

Тапсырыс беруші барлық мүдделі тұлғалардың конверттерді ашу рәсіміне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

4.16. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарында әлеуетті жеткізушілер мәлімдеген бағаларды жария етеді, әлеуетті жеткізушілердің қатысып отырған уәкілетті өкілдерін ұсынылған баға ұсыныстарымен қол қойғыза отырып таныстырады.

4.17. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын салыстырады және ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті жеткізушіні айқындайды.

4.18. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

4.19. Егер әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы баға ұсыныстарын салыстыру мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін өзге валютамен көрсетілген жағдайда,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баға ұсыныстарын ашу күніне бағамы қолданылады.

4.20. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы қабылданбайды, егер:

1) әлеуетті жеткізуші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың үздік сипаттамаларын ұсынған жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Тапсырыс берушінің немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушының техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келмейді не сатып алу шарттарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынады;

2) ол Қағидалардың 4.10-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейді;

3) әлеуетті жеткізуші біреуден артық баға ұсынысын берді;

4) әлеуетті жеткізуші не оның қосалқы мердігері не консорциумға кіретін заңды тұлға Холдингтің сенімсіз жеткізушілер тізбесінен және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен тұрады.

4.21. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу болмаған жағдайда өтпеді деп танылады:

1) екі баға ұсынысынан кем ұсыну;

2) егер Қағидалардың 4.20-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін екі баға ұсынысынан кем қалған жағдайда;

3) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда.

4.22. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, Тапсырыс беруші құқылы:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізуге;

2) сатып алу шарттарын өзгертуге және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізуге;

3) сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыруға.

Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көзделген шешімді Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы сатып алу қорытындылары бекітілген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдауы тиіс.

## **5. Комиссия және сарапшы (сараптау комиссиясы)**

5.1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу үшін Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

5.2. Комиссия құрамына Комиссия төрағасы мен мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.

5.3. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және жеткізу шарты жасалған не сатып алу өткізілмеді деп танылған не сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайларда, жеткізу шарты жасалғанға дейін қорытындылардың күші жойылған күні өз қызметін тоқтатады.

5.4. Комиссия құрамына Тапсырыс берушінің бірінші басшылары немесе оның орынбасарлары, сондай-ақ бейінді құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен мамандар енгізіледі.

5.5. Комиссияның Төрағасы болып бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген тұлға айқындалады, ол Комиссияның қызметіне басшылық жасайды, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның міндеттерін комиссияның Уәкілетті мүшесі жүзеге асырады.

5.6. Тапсырыс беруші басшысының бұйрығымен Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатарынан комиссия хатшысы тағайындалады, ол комиссия құрамына кірмейді және дауыс беру құқығы жоқ.

5.7. Комиссия хатшысы әлеуетті жеткізушілерге сатып алу жөніндегі құжаттаманы ұсынады, олардан өтінімдерді (баға ұсыныстарын және оған қоса берілген құжаттарды) қабылдайды, Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен басқа да қажетті материалдарды дайындайды, Комиссия отырысының хаттамаларын жасайды сатып алуды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де функцияларды орындайды.

5.8. Тапсырыс беруші арнайы білімді талап ететін мәселелер бойынша бейінді мамандықтардан сарапшыны немесе сарапшыларды тарта алады.

5.9. Сарапшы комиссия шешім қабылдағанға дейін тауардың техникалық ерекшелігі (сипаттамасы), баға ұсыныстарын сұрату ережелері (техникалық ерекшелігі) бойынша сараптамалық қорытынды береді.

5.10. Бірнеше сарапшы тартылған жағдайда Тапсырыс беруші тартылған сарапшылар қатарынан сараптама комиссиясын қалыптастырады және олардың арасында сараптама комиссиясының басшысын айқындайды.

5.11. Сараптама қорытындысын қалыптастыру кезінде сарапшы (сараптама комиссиясы) әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген объектілердің орналасқан жеріне барып тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамалары туралы неғұрлым толық ақпарат алуға құқылы.

5.12. Сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, ол ерекше пікірін жазбаша түрде баяндайды, ол сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

5.13. Сарапшы (сараптама комиссиясы) комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшы қол қояды және Комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

5.14. Комиссия сараптамалық қорытындыны баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде қарайды.

5.15. Комиссия отырысы жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссияның қатысушы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде ол уәкілеттік берген тұлға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

## **6. Сатып алуды өткізуге жауапты және сарапшы (сараптама комиссия)**

6.1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу Тапсырыс беруші Басқармасының шешімімен жүзеге асырылады.

6.2. Басқарма шешімімен Тапсырыс беруші қызметкерлерінің ішінен хатшы тағайындалады.

6.3. Басқарма хатшысы әлеуетті жеткізушілерге сатып алу жөніндегі құжаттаманы ұсынады, олардан өтінімдерді (баға ұсыныстарын және оған қоса берілген құжаттарды) қабылдайды, Басқарма отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен басқа да қажетті материалдарды дайындайды, Басқарма отырысының хаттамаларын жасайды сатып алуды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де функцияларды орындайды.

6.4. Тапсырыс беруші арнайы білімді талап ететін мәселелер бойынша бейінді мамандықтардан сарапшыны немесе сарапшыларды тарта алады.

6.5. Сарапшы Комиссия шешім қабылдағанға дейін тауардың техникалық ерекшелігі (сипаттамасы), баға ұсыныстарын сұрату ережелері (техникалық ерекшелігі) бойынша сараптамалық қорытынды береді.



6.6. Бірнеше сарапшы тартылған жағдайда Тапсырыс беруші тартылған сарапшылар қатарынан сараптама комиссиясын қалыптастырады және олардың арасында сараптама комиссиясының басшысын айқындайды.

6.7. Сараптама қорытындысын қалыптастыру кезінде сарапшы (сараптама комиссиясы) әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген объектілердің орналасқан жеріне барып тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамалары туралы неғұрлым толық ақпарат алуға құқылы.

6.8. Сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, ол ерекше пікірін жазбаша түрде баяндайды, ол сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.9. Сарапшы (сараптама комиссиясы) Басқарма шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, сарапшы қол қояды және Басқарма отырысының хаттамасына қоса беріледі.

6.10. Сараптамалық қорытындыны Басқарма баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде қарайды.

6.11. Басқарманың отырысы жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Басқарманың шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Басқарманың қатысушы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – ол уәкілеттік берген тұлға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

## **7. Баға ұсыныстарын ашу**

7.1. Әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын ашу веб-порталда автоматты түрде жүргізіледі. Веб-порталда әлеуетті жеткізушілердің мерзімінде ұсынылған барлық баға ұсыныстары ашуға жатады.

7.2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу туралы ақпаратты ашу рәсімі жүзеге асырылғаннан кейін сатып алу порталы автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте сатып алу порталы комиссияның автоматты хабарламаларын сатып алу тәсіліне қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушілерге баға ұсыныстарын сұрату жібереді.

7.3. Егер хабарландыруға (лотқа) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда осы өтінім де ашылады және қаралады.

7.4. Өтінімдер болмаған жағдайда веб-портал ашу туралы ақпаратты және өтінімдердің болмауы туралы ақпаратты көрсете отырып, қорытындылар туралы хаттаманы орналастырады.

## **8. Баға ұсыныстарын сұрату тәсіліне қатысуға өтінімдерді қарау және қорытынды шығару**

8.1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қорытындылар хаттамасын жасайды, оған мыналар енгізіледі:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы және бағасы, олардың саудалық атауы;

2) баға ұсынысын беру күні мен уақыты;

3) жеткізу шартын жасасу болжанатын әлеуетті жеткізушінің атауы және орналасқан жері;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірлігі үшін бағасы және жалпы бағасы, ҚҚС-ты есепке алмағанда, оған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстар енгізілген.

Хаттама веб-порталда орналастырылады.

8.2. Ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

Бірдей баға ұсыныстары ұсынылған жағдайларда, баға ұсынысын бірінші болып ұсынған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

8.3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға Қағидалардың 8.5-тармағына сәйкес баға ұсынысы мен құжаттары ұсынылған бір әлеуетті жеткізуші қатысқан жағдайда, Тапсырыс беруші осындай әлеуетті жеткізушіні сатып алудың жеңімпазы деп тану туралы шешім қабылдайды.

8.4. Баға ұсыныстары болмаған кезде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылады.

8.5. Жеңімпаз Тапсырыс берушіге жеңімпаз деп танылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды ұсынады:

1) фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған электрондық құжат түріндегі тиісті лицензияның көшірмелері. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізуші фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның нотариалды куәландырған көшірмесін;

Осы тармақшаның ережелері дәрілік заттарды сатып алу кезінде қолданылады.

2) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, онда акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе сатып алу жарияланған күннен кейін құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);

5) мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу жүргізілетін, «электрондық үкімет» веб-порталы немесе «салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы арқылы алынған берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы әлеуетті жеткізушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтыны туралы (егер әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе) Қазақстан Республикасының салық органы анықтамасының түпнұсқасы.

Жеңімпаз біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, баға ұсыныстары тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылады.

8.6. Тапсырыс беруші қорытынды шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қорытынды хаттамасын веб-порталда орналастырады.

8.7. Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарына сәйкес келетін жеңімпаз анықталған немесе қорытындылар хаттамасын алған күннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде веб-портал арқылы әлеуетті жеткізушіге Қор бекіткен нысан бойынша жасалатын қол қойылған жеткізу шартын жібереді.

8.8. Жеңімпаз алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жеткізу шартына қол қояды не Тапсырыс берушіні немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін бірлесіп Орындаушыны оның шарттарымен келіспейтіні немесе қол қоюдан бас тартатыны туралы хабардар етеді.

8.9. Жеткізу шартына қол қоюдан бас тарту туралы көрсетілген мерзімде хабарламау оны жасасудан бас тарту болып саналады. Келіспеушіліктерді қарау мерзімі екі жұмыс күнінен аспайды.

### **9. Сатып алу веб-порталы арқылы сатып алу**

9.1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу үшін сатып алу веб-порталында айқындалған үлгілік хабарландыру үлгісіне сәйкес орыс тілінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді (атауы, қысқаша сипаттамасы, көлемі, төлеу шарттары, мерзімдері, жеткізу орны мен шарттары) қамтитын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыру қалыптастырылады, ҚҚС-сыз сатып алу үшін бөлінген сома, баға ұсыныстарын ұсынудың басталу мерзімі (Нұр-сұлтан уақыты бойынша сағат 10:00-ден 18:00-ге дейінгі кезеңдегі жұмыс күні), баға ұсыныстарын ашу күні мен уақыты (Нұр-сұлтан уақыты бойынша сағат 10:00-ден 18:00-ге дейінгі кезеңдегі жұмыс күніне) (қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікті, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы үлгілік хабарландыру үлгісіне сәйкес сатып алу жеңімпазымен жеткізу шартын жасасу мерзімін қоса бере отырып).

9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі, орындалуы және көрсетілуі міндетті лицензиялауға немесе басқа рұқсат беру құжаты алынуға жататын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсатты (лицензияны) беру туралы талап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етілуге (лицензиялануға) жататын қызмет түрлері (кіші түрлері) қамтылуға тиіс.

9.3. Жеткізу шартының жобасын және техникалық ерекшелікті Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін бірлесіп орындаушы сатып алу веб-порталының тиісті бөлімдерінде орналастырады. Бұл ретте жеткізу шартының жобасына және техникалық ерекшелікке толықтырулар (қосымшалар) ретінде жеткізу шарты жобасының талаптарына және техникалық ерекшелікке қайшы келмеуге тиіс электрондық көшірмелер пайдаланылуы мүмкін.

### **10. Дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды халықаралық ұйымдар арқылы сатып алу тәртібі**

10.1. Бірлесіп орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тауарлар мен медициналық бұйымдардың тізбесі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдар арқылы сатып алуды жүзеге асырады.

10.2. Бірлесіп орындаушы Қордың тапсырмасы бойынша орфандық ауруларды емдеуге арналған тауарларды сатып алу рәсімдерін жүргізеді.

10.3. Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйым арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде ол дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның бағасын, сондай-ақ жеткізуге байланысты барлық шығыстарды өтеу үшін қажетті қосымша алымдарға арналған шығындарды көрсете отырып, бірақ Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген шекті бағадан жоғары емес баға ұсынысын береді.

### **11. Бір көзден сатып алу тәсілі**

11.1. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуға арналған құжаттама сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді, техникалық ерекшелікті (қажет болған кезде), шарттың жобасын және сатып алуды жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты қамтиды.

11.2. Тапсырыс беруші сатып алуды Тапсырыс берушінің атқарушы органы басшысының шешімі негізінде бір көзден алу тәсілімен мынадай жағдайларда жүзеге асыруға құқылы:

тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу:

- төтенше жағдайлар салдарын және төтенше жағдайларды оқшаулау және (немесе) жою;

- орфандық ауруларды емдеу үшін дәрілік заттарды сатып алу.

11.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу оларды бәсекелестік тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

11.4. Бір көзден сатып алу бойынша шешім ЭЦҚ қол қою арқылы сатып алу веб-порталында қалыптастырылады және бекітіледі.

## 12. Тауар жеткізілімі шарттарын жасасу және орындау

12.1. Қорытындылар хаттамасы жарияланғаннан кейін Тапсырыс беруші немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Бірлесіп орындаушы жеңімпаз үшін Қор бекіткен нысан бойынша, құрамында мыналар бар қосымшасы бар жеткізу шартының жобасын қалыптастырады:

12.1.1. баға ұсынысының сұранысына сәйкес:

- 1) тауардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;
- 2) жеткізу кестесі немесе мерзімі;
- 3) жеткізу орындары немесе орны;

12.1.2. әлеуетті жеткізушінің ең төмен баға ұсынысына сәйкес:

1) тауардың паспорты (дәрілік затқа, медициналық бұйымға қатысты - тіркеу куәлігінің немесе дәрілік затты, медициналық бұйымды Қазақстан Республикасына әкелуге Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсатының (қорытындысының) нөмірі;

- 2) саудалық атауы;
- 3) қысқаша сипаттамасы;
- 4) өлшем бірлігі;
- 5) өндіруші;
- 6) өндіріс елі;
- 7) бірлік үшін бағасы;
- 8) жалпы сомасы.

12.2. Жеткізу шартын жасасу және орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидентімен тауар жеткізілімі шарты жасалған жағдайларда, тауар жеткізілімі шартына қағаз жеткізгіште қол қойылуы мүмкін.

Бұл ретте тауар жеткізілімі шартының электрондық көшірмесі тауар жеткізілімі шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сатып алу веб-порталына жүктелуі тиіс.

12.3. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен тауар жеткізілімі шарты жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өзі ұсынған нысанда тауар жеткізілімі шартын ресімдеуге жол беріледі.

12.4. Тауар жеткізілімі шартының жобасына және жасалған тауар жеткізілімі шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.